

## **«Лидер» клубының тарихы**

**2011 – 2012 оқу жылында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің**

**Педагогика және психология институты**

**Мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика кафедрасында ашылды**

**«Лидер» клубы 2011 жылынан бастап студенттерді болашақ кәсіби мамандықтарына дайындауда жан-жақты қызмет атқаруда**

**«Лидер» клубының мақсаты: селф – менеджмент, Soft skills дағдыларын дамыту**

**Қазіргі таңда «Лидер» студенттер клубы 3 бағытта 12 секция жұмыс атқарады:**

**Бағыттары:**

1. Студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстары
2. Студенттердің тәрбие жұмыстары
3. Студенттік өзін-өзі басқару


**Құрамы:** Педагогика және психология институтының студенттері

**Жетекшісі:** философия докторы (Ph.D) қауым. профессор Алимбекова Анар Аймолдановна

## **Клубтың 12 секциясы:**

- 1. Мәдени іс-шаралар**
- 2. Ғылыми таным;**
- 3. Салауатты өмір салты**
- 4. Еріктілер;**
- 5. АРТ**
- 6. Кино және театр;**
- 7. Тіл үйрену;**
- 8. Оқырмандар;**
- 9. Дебат**
- 10. Музыка;**
- 11. Туризм;**
- 12. Әлеуметтік желілер, маркетинг (SMM)**







**2011-2012 оқу жылында «Лидер» студенттер клубын ашу идеясын ұсынған - педагогика ғылымдарының докторы, профессор Роза Карпыковна Бекмагамбетова**



**«Лидер» студенттер клубын құрушы және Ережесі мен бағдарламасының, «Кәсіби лидерлік негіздері» кітабының авторы – философия докторы (PhD) қауымдастырылған профессор Алимбекова Анар Аймаддановна**



**философия докторы (PhD)  
қауымдастырылған профессор  
Алимбекова Анар Аймоддановна**

«Лидер» студенттер клубының жұмыстары нәтижесінде теориялық және практикалық аспектілері зерттеліп 2016 жылы Л.Н. Гумилев атындағы Ұлттық университетінде А.А. Алимбекова *«Болашақ педагогтердің лидерлік сапасын дамытудың педагогикалық шарттары»* атты тақырыбында докторлық диссертация қорғады.

2020 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде Т.С. Жумашева *«Болашақ тәрбиешілердің лидерлік әлеуетін дамыту»* атты докторлық диссертациясын қорғады

Ғылыми зерттеу жұмысы бойынша эксперимент «Лидер» клубының 12 секциясына қатысушы студенттермен жүргізілді.



**философия докторы (PhD)  
Қазақ қыздар ұлттық  
университетінің  
қауымдастырылған профессор  
м.а.  
Жумашева Толкын Сабитовна**

«Лидер» клубының ашылуына орай ұйымдастырылған Халықаралық ғылыми конференция қонағы Ресей мемлекетінен келген БГМУ әлеуметтік оңалту институтының директоры, Әлеуметтік педагогика бойынша бірқатар оқулықтар мен оқу құралдарының авторы п.ғ.д., профессор Л.М. Мардахаев





**Дөңгелек үстел:** Студенттік өзін-өзі басқару – кәсіби лидерлік сапаларын дамыту факторы.

**Мақсаты:** Студенттердің ғылым зерттеушілік, танымдық, кәсіби педагогикалық білім, білік, дағдыларын дамыту





Бас иемін сан ғасырлар тарихы бар Егеменді Еліме!  
Мәдени-танымдық тәрбие сағаты



## **А. Байтұрсынұлы Ұлт – лидері**

**Мәдени орталықтарға серуен:**

### **«А. Байтұрсынұлы мұражайы үйі».**

Студенттер А. Байтұрсынұлы мұражай-үйінің директоры Имаханбетова Райхан Сахыбекқызының әңгімесінен Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен еңбек жолы туралы құнды ақпарат алды



# Абай атындағы қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры



Абай атындағы қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрының директоры, КСРО халық әртісі, КСРО сыйлығының лауреаты Мұқан Төлебаевтың асқұнды шығармасы, қазақ опера өнерінің жауһары, тұңғыш премьерасы 1946 жыл болған «Біржан Сара» операсына «Лидер» үйірмесінің студенттерінің барлығына арнайы шақыру беріп, алдыңғы қатардан орын берді.

## Jasacademy.kz сайтындағы

### 12 курсты қолдану

- 1) SMM және блог жазу негіздері
- 2) Сайт жасау негіздері — wordpress
- 3) Графикалық дизайн — coreldraw x8
- 4) C++ тілі арқылы бағдарламалау
- 5) Мақсатқа жетудің моделі
- 6) Project management негіздері
- 7) Презентация жасау негіздері
- 8) Қытаймен бизнес
- 9) Google Adwords негіздері
- 10) Жылдам оқу және жадыны дамыту
- 11) e.gov қызметі
- 12) Google өнімдерін пайдалану



## Jasacademy.kz сайтының негізін қалаушы Нұрлан Жанаймен кездесуі





**Дебат – талқылау мен дәлелдеуді үйрену технологиясы:** Дебат студенттердің

- ғылыми-зерттеу және ұйымдастырушылық,
- шығармашылықтарын,
- қисынды, сыни ойлау,
- кәсіби сөйлеу стилі мен шешендік өнерін,
- ақпараттарды іздеу, өңдеу, қабылдау,
- коммуникативтік қабілеттерін,
- командамен жұмыс істеу,
- басқа адамның пікіріне толерантты көзқараспен қарау,
- өзін-өзі сенімділігі мен жауапкершілін,
- студенттік өзін-өзі басқару және тб. мүмкіндіктерінің дамуына ықпал етеді.

## Дебат тақырыптары:

1. Жетілген тұлға бейнесі.
2. Жаңғыру жазудан басталады
3. Ата-аналарының ажырасуының балаға әсері
4. Гендерлік лидерлік




**Ұйымдастырылған дебаттар нәтижесінде ҚР Ұлттық кітапханасының Жастар кеңесі ұйымдастырған «*Парасат ортасында пікір алмасайық*» атты республика көлемінде өткен дебатта ІІ орын игерлері атанған Мысыр Сұңқар, Қытайбек Ақерке**



# АРТ

## Шебер сынып: Бисермен жұмыс жасау техникасы





«Коллаждау АРТ - технологиясы тұлғаның шығармашылық дамуының құралы" жобасы бойынша "Күз келбеті" тақырыбында онлайн шебер сынып өтті





«АРТ - технологиясы тұлғаның шығармашылық дамуының құралы" жобасы бойынша «Тұзды қамырмен жұмыс" тақырыбында шебер сынып өтеді.

Арт технологиясының студенттердің арасында дұрыс қарым-қарым қатынас орнауына және кәсіби шеберліктерінің дамуына ықпалы зор.



## Музыка терапиясы

Музыка терапиясы арттерапияның бір түрі, емдеу немесе түзету мақсатында қолданады. Олар үш формада жүзеге асырылады:

1. Арнайы рецепт бойынша (музыка тыңдау, музыканы қабылдау, музыканы сезіну).
2. Белсенді (музыкалық іс-әрекет, музыкалық аспаптарда ойнау, мелотерапия, хореотерапия);
3. Интегративті (музыкалық изотерапия, музыкалық тустер терапиясы мен арнайы рецепт формаларының бірігуі).





**«Кел! Кітап оқыық»** жобасы бойынша Қазақстанның ағартушылары мен классик жазушыларының кітаптары оқылып, пікір алмасу өтіп отырды.

1. Ж. Аумауытов – «Ақбілек»; «Қартқожа» повестері
2. Сайын Мұратбеков -«Жабайы алма» повесті
3. Әзілхан Нұршайықов – «Ақиқат пен аңыз»; «Махаббат қызық мол жылдар» романдары

Аталған еңбектерді оқуға 2 апта уақыт беріледі, одан сабақтан тыс уақытта жиналып, өз ойларын, түсінгендерін ортаға салып пікір алмасады. Бұл жоба студенттерді өздігінен кітап оқуға баулу арқылы дүние танымдарының кеңейуіне, сонымен қатар танымал жазушыларымызды тереңінен танып білуге көмектесті.





**10 км. қашықтықта жүгірген  
ҚазҰПУ ректоры Балықбаев Т.О.**

## **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АЛМАТЫ – МАРАФОН**

Алматыда Орталық Азиядағы ең ірі кезекті спорттық іс-шара халықаралық кезекті марафон өтті.

Марафонды өткізудің мақсаты:

- скандинавиялық жүруді тарату;
- халықаралық марафондық жарыстарға жүгіруге дайындау;
- юниорларға арықарай жарыстарға қатысуларына жағдай жасау;
- республикалық маңызы бар қайырымдылық жобаларды қолдау;
- зиянды әдеттерден арылту және алдын алу;
- дені сау ұлт қалыптастыру.






**Воленгерлер: Айсана, Ақерке, Мөлдір,  
Ақбота, Ерке**



**10 км қашықтыққа жүгірген: Анар  
Алимбекова, Раймов Сунат, Мысыр  
Сұңқар**

## «Жеңіс ленталарын таратамыз»

**Акцияның мақсаты** – студенттерге Ұлы Жеңіс күнінің мәнін түсіндіру. Ұлы Отан соғысында жаумен аянбай шайқасқан қаһарман әскери жауынгерлердің, медицина қызметкерлерінің, қарапайым халықтың ерлігін мәңгіге ұрпақ санасында қалдыру.



# ТУРИЗМ

## Табиғатқа саяхат

Іле Алатау ұлттық саябақтың  
құрамындағы Түрген  
сарқырамасы



**«Дені саудың жаны сау»**  
**Медеу мұз айдынында белсенді**  
**демалыс**



# Табиғатқа саяхат

Іле Алатауы шатқалындағы  
Алма – Арасан саябағы «Аю сай»





# Кәсіби бағдар беру жұмыстары: **Мамандығым – мақтанышым**



«Лидер» клубы студенттері университетте өткен кәсіби бағдар беру жұмыстарында белсенді қатысады





# ЖЫЛ ЛИДЕРІ


## ТОП АРАЛЫҚ САЙЫС



**Мақсаты: Лидер топты анықтау,  
«Жыл лидері» номинациясын тағайындау  
және лидерлік сапаларымен ерекшеленген  
студенттерді марапаттау,**



## БІЗ ЛИДЕРМІЗ - ФОТОСЕССИЯ





**I дәрәжелі диплом – 2 курс 1 топ**



**II дәрәжелі диплом 1 курс 2 топ**



**III дәрәжелі диплом 1 курс 1 топ;  
2 курс 2 топ**





**Лидерлік сапаларымен ерекшеленген студенттер есімдері жазылған значоктар алады**





**ЖЫЛ ЛИДЕРІ** номинациясының иегері  
**Раимов Суннат**

**«Лидер» клубының қасиетті Рамазан айында  
ауыз бекіткен 50 студентке «Ауыш ашар» ұйымдастырылды.**

Ауыз ашарды ұйымдастыруға ықпал еткен «Лидер» клубының лидер студенттері және жетекшісі А.А. Алимбекова, докторант Т.С. Жумашева, 1 курс 1,2 топ эдвайзері М.К. Сураншиева және 2 курс 1 топ эдвайзері Д.А. Нұрғалиева





**1 - ші маусым Балаларды қорғау күніне арналған «Жүрек жылуы» жобасы**



**«Біздің бағытты балалық шағымыз»**





# Әр жылда жоспарлы өтетін «Балаларға арналған тәттілер» акциясы

Мақсаты: Бірінші облыстық балалар үйіндегі балаларға тәтті тағамдар апарып, бос уақыттарын көңілді өткізулерін ұйымдастыру



## Арнайы тапсырыспен пісірілген тәтті тағамдар



## 1 қазан Халықаралық қарттар күніне арналған «Жүректен жүрекке» акциясы



«Лидер» клубының студенттері Халықаралық қарттар күні аясында "Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығында" концерттік бағдарламаны өткізуде қолдау көрсетті. Волонтерлер мен ардагерлердің кездесуі жылы және үйлесімді жағдайда өтті.

**ЕРІКТІЛЕР**

## **«Барлығы балалар үшін» акция**



**Бағанашылда орналасқан № 1-балалар үйіне барған сәт**

## «Достық – Таусылмас қазына»

«Лидер» студенттер клубының ұйымдастыруымен «Достық – Таусылмас қазына» тақырыбында мәдени – танымдық іс-шара өтті.

### Тәрбие сағатының мақсаты:

Студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.

### Тәрбие сағатының міндеттері:

- балалардың бос уақытын ұйымдастыру;
- балалардың достық туралы түсініктерін кеңейту;
- өмірлік құндылықтар жүйесін қалыптастыру;
- балалар мен студенттердің коммуникативтік қабілеттерін дамыту;
- студенттердің кәсіби лидерлік сапаларын дамыту, т.б.



## «КЕЛ КІТАП ОҚИЫҚ» ЖОБАСЫ



### «Оқы және өзгеге ұсын!»



Алматы қаласында орналасқан кітапханалардың ресурстарын белсенді пайдалану арқылы студенттер арасында кітап оқуды насихаттау, оқуға деген қызығушылығын арттыру, рухани мәдениетін көтеру мақсатында мақсатында *«Оқы және өзгеге ұсын!»* атты буккроссинг жобасы ұйымдастырылды. Жобаның негізгі идеясы – өзара кітаптармен мен оқыған идеяларымен алмасу. Кітаптың мазмұнына байланысты эссе жазу. Эссені топпен талқылау № 173 мектептің әлеуметтік педагогы мен психологтарының талқылауға қатысуымен өтті.

## ЕРІКТІЛЕР



## «Барлығы балалар үшін» акция



## **Дебат – талқылау мен дәлелдеуді үйрену технологиясы:**

Дебат студенттердің

- ғылыми-зерттеу және ұйымдастырушылық,
- шығармашылықтарын,
- қисынды, сыни ойлау,
- кәсіби сөйлеу стилі мен шешендік өнерін,
- ақпараттарды іздеу, өңдеу, қабылдау,
- коммуникативтік қабілеттерін,
- командамен жұмыс істеу,
- басқа адамның пікіріне толерантты көзқараспен қарау,
- өзін-өзі сенімділігі мен жауапкершілін,
- студенттік өзін-өзі басқару және тб. мүмкіндіктерінің дамуына ықпал етеді.





Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің бас ғимаратында Тәрбие, әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі департаментінің ұйымдастыруымен студенттік клубтар жәрмеңкесі өтті. Студенттік клубтар жәрмеңкесіне Абай университетінің Басқарма төрағасы Д.Н. Билялов қатысып, студенттік клубтардың атқарылған жұмыстарымен танысып, сәттілік тіледі.

Студенттік клубтар жәрмеңкесін өткізудің мақсаты: университетте жұмыс жасайтын клубтарды жарнамалау, 1-ші курсқа қабылданған студенттерге клубтарды таңдау үшін, болашақта шығармашылық қабілеттерін шыңдап, олардың белсенділігін көрсетуге мүмкіндік беру, дарынды жастарды анықтау, қызығушылықтарын оятып, достық қарым-қатынас орнату.



1 курстың студенттері өздеріне ұнаған клубтарына жазылды. Ескеретін бір жағдай «Лидер» клубына сол мезетте 71 студент қызығушылық танытып, мүшелікке жазылды.






Білім күні 2022-2023 оқу жылы

Лидер клубының студенттері CFLI Канадалық Қордың қолдауымен «Екі қанат» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен жастардың лидерлік сапасын дамытуға байланысты Халықаралық «Wings» жастар форумы







6B01801 - Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану және  
6B01201 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының студенттері



*МАҒЖАН БЕКЕНҰЛЫ ЖҰМАБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 130 ЖЫЛ  
ТОЛУЫНА АРНАЛҒАН ӘДЕБИ ТАНЫМДЫҚ КЕШІ*





Білім күні 2023-2024 оқу жылы

«Лидер» клубы туралы ақпараттық алаңын дамыту және университет пен мамандықты жарнамалау мақсатында **@lider-kaznpu** парақшасы іске қосылған. Жоспар бойынша өтілген іс-шаралар инстограм парақшада көрініс тапқан.

КазҰПУ университет сайтында Педагогика және психология институты Мектепке дейінгі, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану білім беру бағдарламалары құрамында «Лидер» клубы туралы ақпарат қазақ және орыс, ағылшын тілдерінде.